



Марқакөл Таңы

№ 9 (59) Сәрсенбі
25 ақпан 2026 жыл

Марқакөл ауданының қоғамдық - саяси газеті

ЖОБАҒА ҚОЛДАУ

Ата заңдағы өзгерістер ел дамуының кепілі

Марқакөл ауданында Ата заңға енгізілген өзгерістер белсенді талқыланып, көпшілікке түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Марқакөл орта мектебі ұжымымен аудандық мәслихат депутаты Бауыржан Амантайұлы және аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Айнұр Абдрахманқызы келелі кездесу өткізді.



Жиынның негізгі мақсаты – педагогикалық ұжымға Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының мазмұнын кеңінен түсіндіру, оның ел дамуына ықпалын талқылау және ұстаздар қауымының пікірін білу болды. Жиын барысында Ата Заңға енгізілетін өзгерістердің басты бағыттары мен басымдықтары жан-жақты таныстырылып, конституциялық реформалардың мәні ашып көрсетілді. Әсіресе, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, қоғам мен билік арасындағы ашық әрі тиімді диалогты дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Спикерлер ұсынылып отырған өзгерістердің елдегі



демократиялық үдерістерді жетілдіруге, халықтың шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталғанын атап өтті.

Кездесу барысында мектеп ұжымы өз ойларын ашық білдіріп, бірқатар сауалдарын қойды. Ұстаздар қауымы реформалардың білім саласына ықпалына қатысты пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді. Ел болашағына бейжай қарамайтын педагогтер алдағы маңызды саяси науқанда белсенділік таныту – әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін атап өтті. Жиын ашық пікір алмасу форматында өтіп, өзара түсіністік пен сенімге негізделген мазмұнды диалог алаңына айналды.

Сондай-ақ, аудандық мәслихат депутаты Тимур Айкеновтің Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы РММ еңбек ұжымымен кездесуі де мазмұнды әрі ашық форматта өтті.

Кездесудің басты мақсаты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының негізгі бағыттарын түсіндіру, ұсынылып отырған өзгерістердің қоғам үшін маңызын талқылау және еңбек ұжымы өкілдерінің пікірін тыңдау болды. Жиын барысында конституциялық реформалардың елдің



саяси жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге, мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіруге бағытталғаны атап өтілді.

Депутат өз сөзінде Ата Заңға енгізілетін өзгерістер әділетті әрі жауапты мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды бастама екенін жеткізді. Сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, қоғам мен билік арасындағы кері байланысты нығайту, шешім қабылдау үдерісіндегі ашықтықты арттыру мәселелері кеңінен қозғалды. Яғни, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты басымдыққа ие болатыны түсіндірілді.


Кездесу барысында қорық қызметкерлері тарапынан бірқатар сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді. Еңбек ұжымы өкілдері өз ұсыныстарын ортаға салып, реформалардың жүзеге асырылуына қатысты пікірлерін білдірді. Ашық диалог форматында өткен басқосу өзара түсіністік пен сындарлы пікір алмасуға негіз болды.

Жиын қорытындысында тараптар алдағы уақытта да осындай ақпараттық-түсіндіру кездесулерін тұрақты түрде өткізіп, қоғаммен байланыс жұмыстарын жандандырудың маңызын атап өтті.

Өз тілшіміз

ЖОБА МАҢЫЗЫ

Жаңа Конституция әйелдерге қатысты құқықтық нормаларды қалай айқындайды?



Марқакөл ауданында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты белсенді арттыру мәселелері кеңінен талқыланды. «Құқықтық сауаттылықты арттыру және әйелдерге қатысты некеге мәжбүрлеу, сталкинг пен өзге де зорлық-зомбылық түрлеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру» тақырыбымен өткен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомстволық комиссияның кезектен тыс отырысында бірқатар маңызды баяндамалар жасалды.

Жиындасаламамандарысталкинтің алдын алу, әйелдердің құқықтарын қорғау, мәжбүрлеу әрекеттеріне қарсы құқықтық шараларды күшейту бағытында пікір білдірді. Көтерілген мәселелер еліміздің басты құжаты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында бекітілген адам құқықтарын қорғау қағидаттарымен үндесіп, қоғамда зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермеу қажеттігін тағы бір мәрте айқындады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесі – бүгінгі таңда тек бір елдің ғана емес, бүкіл әлемнің ортақ проблемасына айналған өзекті тақырып. Бұл мәселе Қазақстан

Республикасында да аса маңызды қылмыстық-құқықтық сипатқа ие болып отыр. Зорлық-зомбылық салдары жеке адамның тағдырына ғана емес, тұтас қоғамның дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, заңнамалық тұрғыдан да нақты шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасының аталған заңнамасында әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері айқындалған. Мемлекет әйелдердің құқықтарын қорғауды, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басты назарда ұстайды. Қоғамдық, әлеуметтік және саяси өмірдің барлық салаларында гендерлік теңдік қағидаттары бекітілген. Дегенмен, құқықтық нормалардың болуына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылық деректері әлі де кездеседі.

- Тәжірибе көрсеткендей, мұндай жағдайлардың көпшілігі отбасында орын алады. Әйелдерге қол көтеру, психологиялық қысым жасау, экономикалық шектеу қою – зорлық-зомбылықтың кең таралған түрлері. Әкімшілік және қылмыстық сипаттағы құқық бұзушылықтар да тіркеліп отырады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тіркелген жағдайлардың басым бөлігі физикалық зорлық-зомбылыққа жатады. Жалғасы 2 - бетте

Жалғасы. Басы 1 - бетте,

-зомбылыққа жатады. Бұдан бөлек, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, ұрып-соғу, қорқыту, бопсалау, мүлтік қысым көрсету сияқты әрекеттер де кездеседі. Мұндай құқық бұзушылықтардың астарында психологиялық және әлеуметтік факторлар жатыр, - дейді «Жанұя» отбасын қолдау орталығының психологы Әйгерім Қалтаева.

Қазіргі таңда қоғамда неке қиюға мәжбүрлеу, сталкинг, әйелдерді қудалау секілді жаңа сипаттағы мәселелер де жиі көтерілуде. Бұл – зорлық-зомбылықтың жасырын әрі күрделі түрлері. Осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тиісті органдар мен мамандар нақты жұмыстар жүргізуде. Бүгінгі күні азаматтарға қатысты қысым көрсету, яғни, сталкинг әрекеттері жиілеп отыр. Бұл көшеде, жұмыс орнында күтіп тұру, әлеуметтік желілер арқылы қайта-қайта жазу, қорқыту, рұқсатсыз фото немесе бейнематериалдарды тарату сияқты әрекеттер арқылы көрініс табады. Мұндай қудалау адамның жеке өміріне қол сұғу болып табылады және заң алдында жауапкершілікке әкеледі.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл бағытта полиция қызметкерлері, дағдарыс орталықтары, психологтар және үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп жұмыс атқаруы қажет. Сонымен қатар, отбасындағы тәрбиенің рөлі ерекше. Өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген отбасы ғана қоғамның берік тірегіне айналады.

Бұған байланысты Заң не дейді? Бұл құқықтық мәселе заң жүзінде қандай жолмен шешіледі?

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (ИМ) 2026 жылғы «Заң және тәртіп – қауіпсіз балалық шақ кепілі» жылы деп жариялады. Осыған орай елде әйелдерге қатысты мәжбүрлеу мен зорлық-зомбылыққа қарсы құқықтық шаралар қатаң түрде жүзеге асырылуда. Бұл шаралар қылмыстық және әкімшілік кодекстер арқылы реттеледі және некеге мәжбүрлеу, сталкинг (аңду), физикалық, психологиялық және экономикалық қысым көрсету әрекеттерін болдырмауды қамтиды. Сонымен қатар қорғау нұсқамалары шығарылады және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында іс-шаралар

жүргізіледі.

Әйелдерді некеге мәжбүрлеу, ұрлау, физикалық немесе психологиялық қысым көрсету, жыныстық зорлық-зомбылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыстық кодексте қарастырылған және қатаң жазалар қолданылады. Бұл – әйелдердің құқықтарын қорғаудың негізгі құқықтық механизмі. Отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы құқыққа қарсы әрекеттерге әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін полиция тарапынан қорғау нұсқамасы шығарылады. Бұл нұсқама агрессордың жәбірленушімен байланысын шектейді. Егер құқыққа қайшы әрекет қайталанса, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ӘҚБТК) 461 бабы бойынша: Бірінші рет – 10 тәулікке әкімшілік қамақ; Бір жыл ішінде қайталанса – 24 тәулікке әкімшілік қамақ; Әкімшілік қамақ қолданылмайтын тұлғаға жасаған әрекет үшін – 30 АЕК айыппұл салынады. Сонымен қатар, полиция қызметкерінің ұсынысы бойынша сот арқылы құқық бұзушыға ерекше талаптар белгілеуге болады. Олар: Жәбірленушіні іздестіруге, қоқан-лоқы жасауға, онымен байланыс жасауға тиым салу; Атыс қаруын, қарудың басқа түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге тыйым салу; Алкогольдік ішімдік ішуге немесе есірткі заттарын пайдалануға шектеу қою. Ерекше талаптарды бұзған жағдайда ӘҚБТК-нің 669 бабы 2 бөлігіне сәйкес 10 тәулікке әкімшілік қамаққа алынуы мүмкін.

Қазақстан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жоюға, олардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық стандарттарды, соның ішінде Найроби стратегиясын басшылыққа алады. Бұл шаралардың мақсаты – әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың алдын алу және кінәлілерді жауапкершілікке тарту. Мәселен, сталкинг заңда «адаммен байланыс орнатуға және оның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылыққа байланысы жоқ, бірақ айтарлықтай зиян келтіретін әрекеттерді жүзеге асыру» деп анықталады. Мұндай әрекеттер жеке өмірге қол сұғу, қозғалыс еркіндігін шектеу немесе психологиялық қысым көрсету түрінде көрінеді. Сталкинг үшін жауапкершілік: 200 АЕК айыппұл; 200 сағатқа дейін қоғамдық

жұмыстар; 50 тәулікке дейін әкімшілік қамақ. Осы құқықтық механизмдер Қазақстандағы әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

"Жаңа Конституция жобасы осы бағытта маңызды қадамдар жасап отыр. Онда некенің тек ерікті түрде жасалатыны және әйелдерге қарсы кез келген мәжбүрлеу әрекеттеріне жол берілмейтіні нақты бекітілген. Жаңа Конституция жобасы әйелдердің құқықтарын қорғау арқылы неке мен отбасы институтын нығайтуға бағытталған. Ата заңда некенің ер мен әйелдің ерікті және теңқұқылы одағы ретінде бекітілуі, сондай-ақ әйелдердің заңды мүдделерін қорғау нормалары қарастырылған. Бұл өзгерістер отбасы тұрақтылығын нығайтып, дәстүрлі құндылықтарды құқықтық деңгейде қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күрделі геосаяси жағдайда және цифрлық дәуірде әйелдің жеке деректерінің қорғалуы ерекше маңызды. Жеке өмірге қол сұқпаушылық және дербес мәліметтердің қауіпсіздігі бүгінгі әйел үшін ғана емес, әрбір азамат үшін өзекті мәселе болып отыр", - дейді «Марқакөл ауылының мектеп-интернат-колледжі» КММ директоры Айнур Нүрпеисова.

Неке тек ер мен әйелдің теңқұқылы, ерікті одағы ретінде бекітілді. Бұл норма мәжбүрлі некеге заңдық тосқауыл болып табылады. Некенің тек ерікті болуы және мемлекетте ресми тіркелуі әйелдердің құқығын қорғауға көмектеседі және мәжбүрлеудің алдын алу үшін құқықтық мүмкіндік береді. Осылайша отбасы институтының маңызы күшейтіліп, дәстүрлі құндылықтар құқықтық деңгейде қорғалады. Бұл норма отбасы тұрақтылығын нығайтуға, дәстүрлі құндылықтарды құқықтық деңгейде қорғауға, сондай-ақ әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге септігін тигізбек.

Жаңа Конституция жобасында әйелдердің құқықтарын қорғау арқылы БҰҰ-ның "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенциясына" сай әрекет етеді. Бұл халықаралық құжаттарда некеге мәжбүрлеу мен қудалау адам құқықтарын бұзу ретінде қарастырылған. Олай болса заң мен тәртіп қағидаты баршамамызға ортақ құндылық.

Валентина Свириденко

Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуді тексеру туралы

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекен-жайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде

тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важно голос каждого из нас!

www.election.gov.kz

ҚР ҚМ МКК ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

Құрметті кәсіпкерлер!

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2026 жылғы 28 ақпан қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынудың соңғы күні екенін хабарлайды. Жалпыға бірдей белгіленген режимге автоматты түрде ауысудың алдын алу үшін хабарламаны тапсыруды кейінге қалдырмауды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес үш арнайы салық режимі қарастырылған:

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;

- Оңайлатылған декларация негізінде;

- Шаруа және фермер қожалықтары үшін.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер **2026 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей** қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынуы қажет.

Назар аударыңыз: белгіленген мерзімде хабарлама ұсынылмаған жағдайда, салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде ауыстырылған болып есептеледі. Режимді қолдануды бастау мерзімі - **2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.**

Хабарламаны келесі тәсілдер арқылы тапсыруға болады:

- Салық төлеушінің кабинеті арқылы (СӨБЖ АЖ, «Құжаттарды тапсыру» бөлімі — «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама»);

- «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы («Қызметтер» бөлімі — «ЖК салық режимін өзгерту»);

- Орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына (қағаз құжат түрінде);

- Екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы («Мемлекеттік қызметтер» бөлімі — «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

ҚР ТЖМ келісім-шарт қызметі – жауапты таңдау

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі азаматтарды 2025 жылғы 30 қазанда бекітілген жинақтау жоспары шеңберінде әскери бөлімдер мен құтқару батальондарына келісімшарт бойынша қызметке шақырады.

Бүгінде ҚР ТЖМ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және елді төтенше жағдайлардан қорғауға үлес қосуға дайын, ынталы, тәртіпті және дайындалған адамдарға мұқтаж. Кандидаттарды іріктеу запастағы азаматтардың, сондай-ақ әскерге

шақырылуға жататын және қажетті әскери-есептік мамандықтары бар адамдардың арасынан жүзеге асырылады.

ҚР ТЖМ-дегі келісімшарт бойынша қызмет-бұл:

- Тұрақты ақшалай үлес;

- Әлеуметтік кепілдіктер және мемлекеттік қолдау;

- Ертеңгі күнге деген сенімділік;

- Кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндігі;

- Қоғамның игілігі үшін құрметті және сұранысқа ие қызмет.

Үміткерлер келесі талаптарға сай болуы керек:

- 18 жастан 35 жасқа дейін;

- Әскери билеттің болуы;

- Бұрынғы қызмет орындары бойынша соттылықтың және шеттетілген уәждердің болмауы.

Қазақстан Республикасының ТЖМ-бұл ең қиын жағдайларда ел есептейтін кәсіпқойлар командасы. Саналы таңдау жасаңыз. Келісімшарт бойынша қызмет етіңіз!

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Шығыс-Гео» ЖШС 02.04.2026 ж. сағат 14:00-де ШҚО, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылы, Абай көшесі, 22 «Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданының Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекен-жайында «Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Қызылтас-Күршім учаскесі ауданында алтынға барлау жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Сонымен қатар, ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде қоғамдық тыңдау деректерін өткізу мүмкіндігі бар.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек <https://us04web.zoom.us/j/77830133945?pwd=2Vy46E9UmNwdbU9x6X8Qwu9xVZZHU7.1>

Конференция идентификаторы: 778 3013 3945

Қол жеткізу коды: 7ujmE4

Жобаға тапсырыс беруші: «Шығыс-Гео» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Рижская көшесі, 42. БСН: 170740015829. e-mail: shygys-geo@mail.ru, тел.: 8 (705) 5222251.

Жобаны әзірлеуші: «GREENGEO» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, А. Қашаубаева, 32А. тел. 87055222251, БСН 230640018348, e-mail: too_greengeo@mail.ru, байланыс тұлғасы: Акулова О. А.

Жергілікті атқарушы орган – «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел. 87475497781.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады бойынша қабылданатын эл. мекен-жай: e-mail: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, тел. 87713770768, ndbecology.gov.kz.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде Өскемен қаласы, Ө. Қашаубаев көшесі, 32А мекен-жайы бойынша танысуға болады.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: shygys-geo@mail.ru, oksanabaston@mail.ru, тел: 87056022393.

Учаскенің географиялық координаттары және бұрыштық нүктелер бойынша әсер ету аумағының географиялық координаттары (солтүстік ендік/ шығыс бойлық):

1. 48°39'00"/84°58'00"
2. 48°39'00"/85°01'00"
3. 48°38'00"/85°01'00"
4. 48°38'00"/85°02'00"
5. 48°37'00"/85°02'00"
6. 48°37'00"/84°58'00"

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Шығыс-Гео» сообщает, что 02.04.2026 г. в 14:00 часов по адресу: ВКО, район Марқакөл, с. Акбулак, ул. Абая, 22 в ГУ «Аппарат акима Акбулакского сельского округа района Марқакөл ВКО» проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану разведки на золото в районе участка Кызылтас-Курчум, Курчумский район Восточно-Казахстанской области.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность. Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

Вместе с тем, имеется возможность проведения данных общественных слушаний в режиме онлайн посредством видео-конференц-связи на платформе ZOOM.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/77830133945?pwd=2Vy46E9UmNwdbU9x6X8Qwu9xVZZHU7.1>

Идентификатор конференции: 778 3013 3945

Код доступа: 7ujmE4

Заказчик проекта: ТОО «Шығыс-Гео», Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск, ул. Рижская, 42. БИН: 170740015829. e-mail: shygys-geo@mail.ru, тел.: 8(705) 5222251.

Разработчик проекта: ТОО «GREENGEO», Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. А. Қашаубаева, 32А. тел. 87055222251, БИН 230640018348, e-mail: too_greengeo@mail.ru, контактное лицо: Акулова О.А.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», тел. 87475497781.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?land=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по адресу: e-mail: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, тел. 87713770768, ndbecology.gov.kz.

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: г. Усть-Каменогорск, ул. А. Қашаубаева, 32А.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию и ознакомиться с копией документов: e-mail: shygys-geo@mail.ru, oksanabaston@mail.ru тел: 87056022393.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия по угловым точкам (Северная широта/ Восточная долгота):

1. 48°39'00"/84°58'00"
2. 48°39'00"/85°01'00"
3. 48°38'00"/85°01'00"
4. 48°38'00"/85°02'00"
5. 48°37'00"/85°02'00"
6. 48°37'00"/84°58'00"

Табиғатты қорғау – әр азаматтың міндеті!

Табиғат – адамзаттың тіршілік көзі, өмір сүру ортасы, болашақ ұрпаққа қалдырар баға жетпес мұрасы. Бірегей табиғи аймақтарды сақтау – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз. Осындай ерекше қорғалатын аумақтардың бірі – Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы.



Шығыс Қазақстан облысы аумағында орналасқан Марқакөл қорығы әсем табиғатымен танымал. Бұл жерде сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, биік таулар мен қалың ормандар, тұмса табиғат сақталған. Қорықтың інжу-

-маржаны – мөлдір суымен ерекшеленетін Марқакөл көлі.

Қорықтың құрылуының басты мақсаты – табиғи кешендерді бастапқы қалпында сақтау, сирек және жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Мұнда қар барысы, сілеусін сияқты сирек аңдар мен көптеген құс түрлері мекендейді. Марқакөл қорығында жүргізіліп жатқан экологиялық ағарту жұмыстары, ғылыми зерттеулер мен табиғатты сақтау шаралары – болашақ ұрпаққа таза әрі көркем табиғатты аман жеткізудің кепілі. Табиғатты қорғау – бір күндік іс емес, бұл – күнделікті еңбекті, саналы көзқарасты талап ететін жауапты міндет. Сондықтан бұл аумақ тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін экологиялық маңызы зор аймақ болып саналады.

Табиғатты қорғау тек қорық қызметкерлерінің ғана емес, әр азаматтың міндеті. Әрқайсымыз табиғат аясында демалғанда қоқыс қалдырмау, орманға зиян келтірмеу, өрт қауіпсіздігін сақтау сияқты қарапайым ережелерді ұстануымыз қажет. Табиғатқа жанашырлықпен қарау – мәдениеттілік пен адамгершіліктің белгісі. Туған жердің табиғатын сақтау – өз болашағымызды сақтау. Ендеше, табиғатты аялау әрқайсымыздың өзімізден басталсын!

Жас маман Марқакөлдің майқанын зерттеп жүр

Өскеменнен Ұранқай ауылына көшіп келген Диана Қабдрахманова жоғары оқу орнын экология мамандығы бойынша бітіргендіктен, алған білімін тәжірибеде қолдану және табиғатты қорғауға үлесін қосу үшін Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығында жұмыс істеуді саналы түрде таңдаған. Қорықта Диана ихтиолог болып жұмыс атқарады.

– Марқакөл қорығында жұмыс істеу өмір ырғағымды өзгертіп, табиғатқа жақын болуға, туған өлкенің бірегей табиғатын сақтауды көздейтін пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік берді, – дейді Диана. Ихтиологтың негізгі міндеттері – өзен, көлдегі балықтарды зерттеу, саны мен жай-күйіне мониторинг жүргізу, ғылыми деректерді жинап, талдау, сондай-ақ су экожүйесіне қатысты табиғатты қорғау талаптарының сақталуын бақылау.

– Ең сүйікті ісім – табиғатта жүргізілетін далалық зерттеулер, себебі бұл кезде экожүйеде болып жатқан үдерістерді терең түсінуге, еңбегіңнің нақты нәтижесін көруге болады. Ең күрделісі – күн райының қолайсыз жағдайларында және жетуі қиын аумақтарда жұмыс істеу, сондай-ақ ғылыми бақылауларда жоғары дәлдіктің талап етілуі, – дейді ол.

Диана «Марқакөл көліндегі майқан (ленок) және сібір қарауызының көбеюі» ғылыми жұмысын аяқтады. Зерттеу барысында Диана балықтың уылдырық шашу ерекшеліктерін, жай-күйін бақылап, маңызды деректер жинады. Жұмыстың ғылыми мәні зор, ол балық түрлерін сақтауға көмектеспек.

– Мен Марқакөлдегі эндемик балық – майқан туралы және басқа да балықтар туралы ғылыми-танымдық фильм түсіргім келеді. Бұл адамдарға осы түрлердің тіршілігін көруге, өңір табиғатын сақтаудың маңызын түсіндіруге мүмкіндік берер еді. Мен үшін бұл – тек біліммен бөлісу емес, басқаларды табиғатты қорғауға шабыттандыру, – дейді ол. Осылайша Марқакөл табиғатының сұлулығы мен алуан түрлілігі, мұндағы таулар мен ормандардың керемет үйлесе орналасқаны Диананы таң қалдырады, шабыттандырады, қорықтағы



жұмысын мәнді әрі құнды етеді. «Табиғат сұлулығын көру үшін қорыққа міндетті түрде келуге кеңес беремін. Мұнда мөлдір көл мен биік тауларға қарап, тыныштықтан ләззат алуға, өңірдің флорасы мен фаунасын тануға болады. Ең бастысы – табиғатты сыйлау, қорық ережелерін сақтау. Мен табиғатқа өз үйімдей қараймын. Жұмысым маған табиғатқа қамқорлық жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл – тек кәсіби міндетім емес, мен өзімді осында әсем табиғаттың бір бөлігі ретінде сезінем, – дейді жас зерттеуші.

Қорықта жұмыс істегісі келетін жандарға Диана ең алдымен табиғатты жақсы көріп, жауапты еңбекке дайын болуға кеңес береді. Себебі, қорықтағы жұмыс шыдамдылықты, мұқияттылықты және үнемі үйренуге ұмтылуды талап етеді. «Бұл жұмыс – бірегей экожүйелерді сақтауға, жануарлар мен өсімдіктерді бақылауға, табиғатты зерттеуге мүмкіндік береді», – дейді ол.

**Жанат Жолдыбаева,
«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» РММ экскурсия жүргізушісі**

